




Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, Қайрат ауылы
МКҚК «Ер Төстік» балалар бақшасы

Handwritten signature

Білім беру саласы: «Таным»
Оқу қызметі: «Қоршаған ортамен таныстыру»
Такрыбы: «Жемістер мен көкөністер»

МАД «Сұңқар» тобы

Тәрбиеші: Асанова А

Қайрат ауылы 2023-2024 оқу жылы

Жемістер мен көкөністер

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен таныстыру.

Сабақтың тақырыбы: Жемістер мен көкөністер

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Күз туралы білімдерін толықтыру, көкөністер мен жемістерді сипаттай білуге үйрету. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын дамыту, сөздік қорын молайту. Адамдар еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Байланыстырып сөйлеу қабілетін, эстетикалық талғамын дамыту.

Тәрбиелік: Адамдар еңбегін құрметтей білуге және табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын алайық.

Жүрекке жылу сыйлайық,

Бір-бірімізге шашайық.

-Жарайсыңдар балалар,бүгінгі іс-әрекетімізді бастамас бұрын есімізге түсірейіші балалар;

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілінде неше ай бар?

- Күз мезгілінде ауа – райы қандай болады?

Бүгін аптаның қай күні?

- Өте жаксы, балалар.

-Балалар қазір мен сендерге өлең оқып беремін.

Өрік, шие, бәрі бар,

Қауын, қарбыз көбейді.

Жегің келсе бәрін ал,

Неге аласың демейді.

Жемісі мол теретін,

Күз дос екен бізбенен.

Бәрін тауып беретін,

Жомарт екен күз деген.

- Балалар бұл өлеңде қай мезгіл туралы айтылған?

- Неліктен күзді жомарт күз деп атаймыз?

- Бүгін біз сендермен берекелі күздің сыйлары көкөністер мен жемістерге тоқталамыз.

Көкөністерге: жуа, картоп, сәбіз, қызанақ, орамжапырақ, асқабақ, қызылша,

қияр,баялды жатады. Көкөністер жерде, бакшада өседі, ал жемістер ағашта өседі.

Жемістерге: алма, алмұрт, сары өрік, шабдалы, жүзім, кара өрік, банан жатады.

Жемістер мен көкөністер дәрумендерге өте бай. Көкөністерді тамақ пісіргенде қолданамыз. Ал жемістерді жейміз, тосап, шырын қайнатамыз.

-Ал енді қазір балалар біз карточкалар мен жұмыс жасаймыз. Бұл карточкаларда жемістер мен көкөністер суреттері бар, біз сол жемістер мен көкөністердің түсін, дәмін, пішінін анықтап айтуымыз керек.

(Балалар карточка сұрақтарына жауап берерді)

Сергіту сәті (Музыка мен)

-Жарайсыңдар балалар, ал енді алдымызда тұрған тапсырманы орындайық. Алдымен балалар есімізге түсірейікеші бізге анамыз компоты неден қайнатады, көкөністер сорпасын неден дайындайды? (Балалардың жауабы)

-Керемет, ал енді тапсырмаға кірісейік балалар

-Жарайсыңдар балалар өте керемет, шарашап қалған боларсыңдар сергіту жаттығуларын жасайық.

-Бір аз серігіпте алдық балалар ендіекі топқа бөлініп «**Шапалақ**» ойынын ойнайық балалар.

Ойынның шартымен таныстыру.

Жарайсыңдар балалар енді біз сендермен бірге қызықты эксперимент жасайық, алдымызда тұрған бөтелкелерде түсініксіз суреттер бейнеленіп тұр, қазір біз сиқырдың көмегімен осы суреттерге түс береміз.

-Жарайсыңдар балалар. Бүгінгі сабақ сендерге ұнадыма?

Жемістер қай жерде өседі?

Көкөністер қай жерде өседі?

(Балалардың жауабы)



Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет «Сұңқар» тобы

